

Jasyl el Qaragandy
қанат қағады
2-бет



Төрге оздырған
төрт алтын
3-бет



Асқаралы
алпыстың
асуында
4-бет




ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

СЕЙСЕНБІ, 16 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ №53 (23 229)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Кеншілер мен металлургтер баспаналы болады

Аймақтың экономикалық өрлеуіне елеулі үлес қосып отырған кеншілер мен металлургтер баспаналы болады. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құрыш құйып, болат балқытқан еңбеккерлерге төмен пайызбен ипотекалық негіздегі тұрғын үй сертификатын табыстады.

деп ізгі тілегін жеткізді. Аталмыш бағдарламаға қатысушылар тізімін «АрселорМиттал



Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімдігі мен «Отбасы банкі» АҚ бірлескен бұл жобаның мүмкіндігі мол. Биыл да бірқатар кенші және металлург отбасын баспанамен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Облыста екінші жыл қатарынан кеншілер мен металлургтерге арналған, шарттары жеңілдетілген ипотекалық бағдарлама жүзеге асырылуда. Өткен жылы 1,7 млрд. теңге көлеміндегі қаражат бөлініп, 134 отбасы қолжетімді баспананың иесі атанды.

Оның 70-і кеншілер, 64-і металлургтер отбасы. Биылғы жылы кемі 75 отбасына баспана алуға көмек көрсету жоспарда тұр. Бұл – жай ғана материалдық көмек емес, тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға деген қамқорлық, – деді облыс әкімі. Бағдарлама арқылы өңір жұмысшылары тұрғын үй сатып алу үшін жеңілдетілген пайызбен несие ала алады. Биыл облыс бюджетінен 1 млрд. теңге қарастырылса, «Отбасы банкі» қосымша 500 млн. теңге бөледі. Несиелендірудің жоғары сомасы 20 млн, жылдық мөлшерлемесі 5%. Мерзімі – 15 жыл. Баспананы Қарағанды, Саран,

Абай, Шахтинск, және Теміртау калаларынан сатып алуға болады. Еңбек адамдарының қуанышын еселеуде үлес қосып отырған «Отбасы банкі» басқармасының төрағасы Ляззат Ибрагимова да: – Қарағанды облысы туралы сөз қозғағанда көз алдымызға қажырлы кеншілер мен металлургтер елестейді. Бұлар – нағыз еңбек адамдары. Біз үшін олардың әлеуметтік тұрақтылыққа, ертеңгі күнге деген нық сенімі аса маңызды. Өз үйің, отбасыңның ошақ қасы болған кезде болашаққа мақсат құру да жеңілрек болады. Бұл маңызды жобаны екінші жыл қатарынан жүзеге асырып келеміз, –

Теміртау» АҚ көмір және металлургия департаменттерінің кәсіподақ комитеттері анықтайды. – Осы бағдарлама арқылы екі бөлмелі пәтер алу мүмкіндігіне ие болдым. Алатын пәтер құны – 20 млн. Былтыр өткен бағдарламаға үлгермедім. Биыл сәті түсті. Қуаныштымын, – дейді баспаналы болған Диана Жәнісова. Баспана мәселесі өзекті болғандықтан, бағдарламаға деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Әрі биыл да жалғасуға тұрткі болды. Суретті түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• Өңірлерді дамыту

Өрт сөндіру бекеттері көбеймек

Ақтоғай, Қарқаралы және Шет аудандарында төрт жаңа өрт сөндіру бекеті құрылмақ. Мақсат – тілсіз жаумен жедел күресу.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа өрт сөндіру бекеттері Ақтоғай ауданының Ақжарық ауылы мен Сарышаған кентінде, Қарқаралы ауданының Айнабұлақ ауылында, Шет ауданының Ақкой ауылында орналасады. Бүгінгі таңда облыста осындай 45 бекет бар. Олардың басты міндеті – табиғи өртке жедел ден қою. – Табиғи өртке дер уақытында тойтарыс беру үшін өңірдегі төтенше жағдайлар департаментінде штаб әрі 200-ден астам адамнан тұратын 62 мобильдік топ құрылды, – деп хабарлады Қарағанды облысы департамент бастығы Мұрат Қатпанов. – Қауіпті кезең басталғаннан бері жалпы есепте-

генде 350-дей алдын алу шаралары жүргізілді. Рейдтік іс-шаралар кезінде саяжай учаскелерінде құрғақ шөптер мен коқыстарды жағу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзудың тоғыз фактісі анықталды. Сәйкесінше, кінәлілер өкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, облыста табиғи өртпен күресу үшін 252 ерікті құрам жасақталды. Мұнымен бірге, табиғи өртпен күресу үшін Қарағанды облысының салалық департаменті бес мультифункционалды өрт-құтқару автокөлігін, автотехникаға арналған бес ангар, бір автоцистерна және бір жедел-құтқару автокөлігін сатып алуға жоспарлап отыр.



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу наұқаны жалғасуда. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

| Санаты | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл |
|-------------------------------|-------------------------------------|---|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 айға 5848,50 тг | 6 айға 5919,00 тг |
| Жеке жазылушылар үшін | 6 айға 3100,50 тг | 6 айға 3111,00 тг |

Қарағанды қ., Ермеков к., 33 8 қабат, 88 каб.
Анықтама телефондары:
Руслан – 8-775-482-22-02
Ботагөз – 8-778-846-00-01
Нұрсұлу – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Жайлы орта – жанға сая

№15 емхананың ішіне кірген жан бұрын дәл осы жерде сауда үйі болды дегенге сенбес. Кен, жарық холл, толықтай жөнделіп, жабдықталған кабинеттер емделушілерге арналған. Оңтүстік-Шығыстың 15 мыңнан астам тұрғыны өзге емханадан автоматты түрде осында ауысты. Одан бөлек, өз еркімен жазылып жатқандар қаншама?! Заманауи техника мен жайлы атмосфераны көзбен көргеннен кейін шынымен де осында ауысқын келеді екен.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Емхананың жобасы біз көріп жүрген емдеу мекемелерінен бөлек. Сұрасақ, түріктердің жобасымен жасалыпты. Әр бағыттың өз блогы бар. Онда тіркеу бөлімі мен әкімшісі де бөлек. Емхана директоры Роза Разиева бәрін аралатып, таныстырып шықты. – Бұл емделушілер үшін ыңғайлы, – дейді ол. – Өркім өзіне қажетті блокқа барады, кезек электронды, сол жерден қажетті көмегін алып шығады. Бұл келушілердің ағынын реттеуге қолайлы әдіс екен. Мәселен, терапевтер бөлек отырады. Осында тіркелген кез келген адам невропатолог, эндокринолог, онколог, профпатолог, кардиологтың қабылдауында бола алады. Дәл сол сияқты балаларға арналған бөлім бар. – Әдетте ата-аналар «балаларымыз үлкендермен қатар отырады» деп шағымданады емес пе? Сол үшін педиатрия бөлек орналасқан, – дейді Роза Сабиуталлақызы. Бірінші қабатта амбулаториялық бөлім бар. Онда сараптамалар жасалады, емханаға келгендегі ал-



ғашқы тексеруден өтеді. Бір айта кетерлігі, емхана анализдерді өздері жасауға көшкен. Өзірге барлық түрі болмаса да, шілдеге қарай толық өздерінде жасамашы. – Зертханалық жұмысты наурызда қолға

алдық. Шілдеде бірыңғай өзімізде жасауға көшемсіз деп жоспарлап отырмыз. Өзірге биохимиялық, иммуноферментті, жалпы гематологиялық анализдер жасаймыз. «Олимпка» ай сайын көп ақша кетеді. Өзінде болмағаннан

кейін солай. Өзінде болған әлдеқайда үнемді әрі сенімді. Сондықтан, өзіміз жабдықтап жатырмыз, команданы да жасақтадық. Мұнда ең заманауи жабдықтар бар екенін айтып өту керек, – дейді директор.





Мәжіліс депутаттары: бастама – бізден, ұсыныс – Сізден



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

таңдау құқығы болуы үшін қалдыру керек. Барлығын МИБ-ке ауыстыру – үлкен қателік, оны түзету керек. Мәжіліс төрағасының орынбасары Альберт Раумен бірге тұрғын үй қатынастары туралы заңнамаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізді. ПИК-тің өмір сүруге құқығы

• ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Келелі ойлар кеңесі

Орталық Қазақстан академиясында «Ғылым және білім – қазіргі жағдайдағы қоғам дамуының маңызды факторы» атты X халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Жиынға шетелдік ғалымдар да қатысып, ғылым және білімнің даму жайын талқылады. Орталық Қазақстан академиясына бірнеше елдің ғалымдары келді. Сонымен қатар, бұл жиынға онлайн қатысқан ойшылдардың да қарасы қалын.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Орталық Қазақстан академиясы осымен оныншы мәрте өзекті мәселелерді жан-жақты талқылауда. Конференцияда әлемнің 11 елінен келген ғалымдар, педагогтер, заңгерлер мен тәжірибелі экономистер 100-ге жуық баяндама жасады. Түркия, Армения, Қырғызстаннан қонақтар арнайы келген. Сонымен қатар, Польша, Германия, Чехия, Түркия, Ресей, Беларусь, Армения, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің жоғары оқу орындарының оқытушы, ғалымдары онлайн қатысты.

– Ғылым, негізінен, екінші немесе соңғы сатыға түспейді, ол әрқашан алда болады. Алдағы уақытта өзіміз ойлап тапқан темір роботтарға адамзат қызмет жасауы да мүмкін, – деп аяқтады өз баяндамасын Орыс-Армян университетінің орыс тілі және кәсіби коммуникация кафедрасының оқытушысы, академик Армен Аюкян.

Ал, «Девиантты мінез-құлық (лат. deviatio – ауытқу) – жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары, қабылданған құқықтық немесе

да ғылым мен білім саласындағы басқа да мәселелер, атқарылған жұмыстар ортаға салынды.

Негізінде, Орталық Қазақстан академиясы бірнеше бағытта жұмыс істейді. Бұл іс-шараны әр жыл сайын көктемде өткізу дәстүрге айналған.

Бұл жиында ғалымдар бір жылдық есебін береді. Биылғы конференцияның ерекшелігі – академияның 10 жылдығымен тұспа-тұс келген мерейтойлық жыл болғандығы. Екіншіден, шетел ғалымдарының офлайн түрде қатысуы.

Одан кейін экономикада «Қашықтан оқыту кезіндегі экономикалық бағыттарды санаудың негізгі түрлері» атты экономистерге арналған жобалары бар.

Қазіргі таңда академияда заңи, девианттық қиын балалар туралы оқыту әдістемелері бар. Осы жұмыстардың барлығын бір жылдық ғылыми конференцияда ғалымдар бір-бірімен салыстыра отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.



Мәжілісте Қарағанды облысынан сайланған бес депутат бар. Кездесуге Бауыржан Смағұлов, Құдайберген Бексұлтанов және Арман Қалықов арнайы келді.

Бауыржан Смағұлов қазір Парламенттің төменгі палатасында 40-тан астам заң жобасы қаралып жатқанын айтады.

– Құрамында Арман Қалықов екеміз бар экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеттің жұмысында бүгінгі таңда 10-ға жуық заң жобасы бар. Олардың бірі – Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы. Мұнда көптеген сұрақтар қамтылған. Бұл Егіндібұлақ аумағына да қатысты. Сондықтан, Сіздерден ұсыныс күтеміз. Сондай-ақ, «Жылу энергетикасы туралы» жаңа заң жобасын

қарастырамыз. Мәжіліс депутаттары экологиялық таза көлік мәселелері жөніндегі заң жобасына бастамашылық жасады. Ол электромобильдердің инфрақұрылымын дамытуға бағытталған. Біз Сіздермен тығыз жұмыс істегіміз келеді. Жергілікті жерлерде Сіздер барлық мәселелерді білесіздер, заңнаманың жетілмегендігін көресіздер. Ұсыныстар енгізіңіздер, біз бірлесіп шешеміз, – дейді Бауыржан Смағұлов.

Құдайберген Бексұлтанов – әлеуметтік-мәдени даму комитетінің құрамында. Ол денсаулық сақтау мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіруге қатысуға шақырды. Сонымен, қатар мүлік иелерінің бірлестігі құрылуы туралы айтты.

– Пәтер иелері кооперативтерін

бар екенін түсіну керек. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдарға бірқатар өкілеттіктер беру керек, – деді Құдайберген Бексұлтанов.

Арман Қалықов азаматтық қорғау туралы заңнаманы өзгерту жөніндегі жұмысқа араласады.

– Біз бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз. Қалай болғанда да, біз кейіннен қабылданған заңдарды орындаймыз. Келісіп алайық. Аймақтық деңгейдегі мамандар мен сарапшыларға заң жобаларын алдын ала ұсыныңыздар. Бағыттар бойынша жұмыс топтарын құруды ұсынамын, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз тілшімізден
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Конференцияда құқықтану, әлеуметтік ғылымдар, педагогика, психология және филологияның өзекті тақырыптары сөз болды.

Соның ішінде, қазіргі заманның ең даулы тақырыптарының бірі – нейрондық желілерді дамыту.

моральдық нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы», – деген Өзбекстаннан келген Ферғана мемлекеттік университетінің PhD докторы Махлиә Юлдашева осы салаға тоқталды.

Сонымен қатар, алқалы жиын-

Ғылым мен білімді ұштастырған жаңа қоғам конференциясының қорытындысы үш тілде ғылыми жинақ болып шығады. Сонымен қатар, ғылыми кітапханада электронды түрде қолжетімді болады.

Жайлы орта – жанға сая

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екінші қабатта әйел денсаулығы, хирургиялық, күндізгі стационар мен реабилитациялық бөлімдер бар екен.

Амбулаториялық хирургия бөлімінде хирург, уролог, маммолог сынды мамандар отырады. Хирургиялық көмек көрсету үшін манипуляциялық кабинеттер мен жабдықтар бар. Роза Сабитуллақызының сөзіне сенсек, емханада науқастарға шағын операция жасау мүмкіндігі бар екен.

– Тәулік бойы қадағалауды қажет етпейтін науқастарға жасалады. Пластикалық хирургтар да өз жұмысына жайлап кірісіп жатыр, – деді ол.

Ай сайын 350-360 адам күндізгі стационарда жатып, қажетті ем-домын ала алады. Ол жерде де өзінің әкімшісі мен тіркеушісі, медбикелері бар. Біз барғанда ауа баптағыш орнатып жатты. Ол да келушілердің жайын ойлағаннан.

Спортзалға ұқсайтын үлкен зал – реабилитациялық бөлім. Мұнда үшінші деңгейдегі реабилитация жасалады. Яғни, инсульт, инфаркт алғандар, жарақаттан кейінгі орталу шаралары жүргізіледі. Залда бір адам жүр. Нұсқаушы жанынан бір елі алыстамайды. Науқастардың белгіленген көмекті нәтижелі болатындай тиісті деңгейде



алуы да маңызды. Мұнда неврологиялық ақауы бар балалар келе алады. Балалардың жүруіне арналған құрылғыны орнатып жатты. Жақында сумен емдеу шаралары да пайда болатынын айтып қалды директор.

Сәулелік диагностика бөлімінде рентген, маммограф, екі флюорограф, төрт УДЗ аппараты істеп жатыр. КТ мен МРТ аппараттары дайын тұр, бірақ, қосылмаған.

– Лицензия күтіп отырмыз. Ол да жақын уақытта болып қалуы керек, – деді директор.

Орайлы сәтінде көпшілік айтатындай, КТ, МРТ аппараттарына кезектің көптігі жайлы сұрадық.

– 1 ай күтетін кезек қазір жоқ. Бұрын КТ, МРТ-ға басқа жерге жолдама берген кезде, расымен күтетін. Қазір қалада оларды жасайтын орындар көп. Әрі кетсе, бір апта, он күн күтер. Бұл мәселе емес. Ал, тәуліктік мониторингтеу, электроэнцефалографияға кезек болуы мүмкін. Осы міне, проблема. Сондықтан, ондай аппараттарды алуды жоспарлап отырмыз. Жалпы, жоспарлы қабылдауды күту – қалыпты тәжірибе. Шетелде жарты жылға дейін күтеді. Бізде шыдамайды, – деп бөлісті Роза Разиева.

Емханада бүгінгі таңда 270 адам еңбек етуде. 90 дәрігер бар, орта персонал 150-дің шамасында. Жыл басында ғана ашылса да, аз уақыт ішінде заманауи медициналық құрылыстармен де, олардың тілін білетін мамандармен де қамтамасыз ету оңай шаруа емес.

– Осы жер медициналық мекеме болу үшін өте күрделі жөндеу жұмыстары жасалды. Аппараттар әкелінді, мамандар жасақталды. Қазір жұмыс жүйеленді. Әрине, әлі де жасау керек жоспарлар бар-

шылық. Біздің емхана «Viamedis» консорциумының құрамына кіреді. Ел көлемінде ондай тағы үш емха-

Jasyl el Qaragandy ҚАНАТ ҚАҒАДЫ

Биылдан бастап, өңірде пилоттық режимде Jasyl el Qaragandy автоматтандырылған цифрлық ақпараттық жүйесі енгізіледі. Бұл жастардың «Жасыл ел» жергілікті есептеу жүйесіне қатысу үдерісін едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен аппараттық жиында мәлім болды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірде «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының 19 маусымына қатысу үшін құжаттарды қабылдау аяқталды. 15 наурыздан 15 сәуірге дейін үш мыңнан астам өтініш түсті.

Қарағанды облысында «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары сарбаздарының жалақысы артты. Енді олар 70-тен 105 мың теңгеге дейін алады.



Жасыл
Қазақстан



– Бұл – 14 жастан бастап, барлық әлеуметтік аударымдармен жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін жалғыз жоба, – деп атап өтті жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Рауан Таран. – Биылғы жылы біз жұмыспен қамтылғандар санын өткен жылмен салыстырғанда шамамен 70% арттырдық. Ең көп жасөспірімдерді Қарағанды, Теміртау, Балқаш және Бұқар жырау аудандарында қамтамасыз ету жоспарлануда. Аталмыш жоба жастарға қаржы табу көзі ғана емес, сонымен қатар өзара қарым-қатынас құру, әлеуметтену, байланыс орнатуды үйретеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



